

Қазақстан Республикасының әділет органдарынан және өзге мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою

Мемлекеттік орган	ҚР Әділет министрлігі
Қызметті алушылар	жеке және заңды тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) Мемлекеттік корпорация; 2) портал арқылы.
Қызметті көрсету мерзімдері	2 (екі) жұмыс күні Қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. Порталда - құжаттарды апостильдеу күнін, уақытын тағайындау туралы хабарлама алу - 1 (бір) жұмыс күні; портал арқылы өтініш түскен кезде Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру - 1 (бір) жұмыс күні;
Қызмет құны	0,5 АЕК
Құжаттар тізбесі	Мемлекеттік корпорация: 1) қосымшаға сәйкес нысан бойынша апостиль қоюға өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін); 3) апостиль қоюға жататын құжат (құжаттар түпнұсқаларда да, нотариалды куәландырылған көшірмелерде де апостиль қою үшін қабылданады); 4) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат; 5) көрсетілетін қызметті алушының өкілі (жеке тұлға) жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат); заңды тұлға атынан өкілі жүгінген кезде заңды тұлғаның басшысының немесе құрылтай құжаттарымен уәкілетті өзге де тұлғаның қолы қойылған және осы ұйымның мөрімен расталған сенімхат; Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде берген немесе куәландырған және белгіленген нысан бойынша шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген сенімхаттар арнайы куәлік (заңдастыру немесе апостильдеу) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (көшірмесімен сәйкестендіру үшін); б) басқа мемлекеттік органдар берген құжаттардың қолының және мөр бедерінің үлгісі. Портал арқылы жүгінген кезде: 1) ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін

қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық өтініш;
2) апостиль қоюға жататын құжат сканерленген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі.

Көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректері өзгерген жағдайда растайтын құжаттар қоса беріледі (шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілетті тұлға өз құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген немесе куәландырған, арнайы куәлік (заңдастыру немесе апостильдеу) рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады. Мұрагерлер жүгінген кезде растайтын құжаттар ұсынылады.

Қызмет көрсету нәтижесі

- 1) қағаз жеткізгіштегі "апостиль" мөртабаны бар құжат;
 - 2) көрсетілетін қызметті алушы өтінішхатпен жүгінген жағдайда өтінішті қарауды тоқтату туралы хат;
 - 3) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
- Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - қағаз түрінде, портал арқылы жіберген кезде электрондық түрде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020740>